

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«17» *Мусы* 2020 ж. 9 хаттама
Ғылыми кеңесінің төрағасы
А. Д. Медьяров



**5B02176 «ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ АРТИСІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

✓ БАКАЛАВРИАТ

| Кафедра атауы | Білім беру бағдарламасының атауы | Топ | Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау | Даярлық топ | Шекті балл |
|--|---------------------------------------|-------|---|-------------|------------------------|
| «Музыкалық драма және қуыршақ театр өнері» | 6B02176 «Қуыршақ театрының артисі» | Қазақ | Жалпы орта н/е кәсіптік мектеп және колледж | Жок | 85 грант және ақылы |

ЖАЛПЫ ТАЛАП:

Талапкерлер театр өнеріне бейімі мен табиғи дарынын, шығармашылық әлеуетін, музыкалық қарым-қабілетін, өлшем-ырғақты сезінуін, қиялдау жүйесінің кеңдігін, интеллектуалдық деңгейі мен дүниетанымын, көркемдік талғамын, жігер-қайратын көрсете білуі шарт. Талапкердің сахнаға лайық кескін-келбеті болуы тиіс. Денсаулығы жақсы, дикциясы анық, сөйлеу аппаратында табиғи мүкістері болмауы, тістері дұрыс орналасуы керек, дауыс бояуы ашық, құлаққа жағымды, денесі қимыл-әрекеттерге икемді болуы талап етіледі.

Талапкердің жас шамасы:

Қыздар - 17 мен 21 жас аралығында

Ұлдар - 17 мен 23 жас аралығында

Талапкердің бойының биіктігі:

Қыздар - 160 см жоғары

Ұлдар - 165 см жоғары

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН 2 КЕЗЕҢНЕН ТҰРАДЫ:

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН - «АКТЕР ШЕБЕРЛІГІ»

Талапкер әр түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды және үзінділерді тек мемлекеттік тілде жатқа оқуы керек.

- **Проза** – Қазақ немесе әлемдік жазушылардың қазақ тіліне аударылған роман, повестьтерінен үзінді - кара сөз;
- **Поэзия** – Қазақ немесе әлемдік ақындардың қазақ тіліне аударылған өлеңдерін оқу;
- **Мысал** – А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, И.Крылов, А.Тоқмағамбетов және т.б орыс, батыс еуропа, шығыс ақындарының қазақ тіліне аударылған мысал, қосымша сықақ өлеңдерін оқу;
- **Би** – Әлем халықтарының билері, вальс, спорттық т.б. би түрлерінен және акробатика;
- **Жеке ән** – Халық әндері, халық композиторлары және қазақстан композиторлары, сонымен қатар заманауи т.б әндер орындау өз қалауы бойынша;
- **Актерлік этюд** – Кұстар мен жан-жануарлар әлемі, жансыз заттарды тірілту, күнделікті өмірден алынған шынайы сенімді орындау. Талапкерге қимыл координациясын, музыкалық ырғақты, оқыс құбылыстарға сай әрекет жасау (реакция), зейін мен зердесін тексеруге арналған жаттығулар беріледі. Ұсынылған шартты жағдайға байланысты этюд құрастырып, сезім мен сенімін көрсете білуі қажет. Аяқ астынан ойлап табу қабілеті мен ой жүйріктігі тексеріледі.
- **Қуыршақпен жұмыс**- Берілген қуыршақты жандандыру. (*импровизация*)

1-ҚАДАМ

А) Талапкер құжаттарды тапсыру үшін алдымен арнайы маманның кеңесінен өтіп рұқсатнама (*допуск*) алуы керек.

Б) Рұқсатнама алғаннан кейін талапкер қабылдау комиссиясына қажетті құжаттарды тапсырады:

В) Шығармашылық емтиханға қатысу (*ән, проза, поэзия, мысал, этюд, би және акробатикалық қозғалыстарды ұзақтығы 2-3 минуттан аспау керек*)

Г) Сауалнама парақшасын (*анкета*) толтырып комиссия ұсынады;

Сауалнама парақшасын толтыру үлгісі:

- Сауалнама парақшасы А4 форматта толтырылады:

- Талапкердің толық аты-жөні, туған жылы, өзі туралы мағлұмат, жасы, бойы, салмағы:

- Орындайтын шығармалардың авторы мен атауы:

- 3x4 көлеміндегі 1 дана фото сауалнаманың үстіңгі бұрышының сол жағына жабыстырылады:

2-ҚАДАМ

Емтихан тапсырушыға 8-10 минут уақыт беріледі. (*Ән, проза, өлең, мысал, би. Қосымша: акробатикалық элементтер, аспапта ойнау, этюд. Комиссия талап еткен жағдайда қосымша талаптарды орындайды*)

3-ҚАДАМ

Шығармашылық емтиханнан өткен талапкер екінші емтиханға жіберіледі.

4-ҚАДАМ

Коллоквиум

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН - «КОЛЛОКВИУМ»

Талапкер қабылдау комиссиясы ұсынған 1-30 аралығындағы бір билетті таңдайды. Билет 3 сұрақ. Бұл кезеңде Қазақстан және әлем театр өнері мен әдебиеті, өнер тарихы бойынша білім деңгейін тексеру мақсатында жан-жақты сұрақтар беріледі. Талапкер барлық сұрақтарға толыққанды, жүйелі түрде жауап беруі тиіс. Сондай-ақ талапкердің шығармашылық ой өрісі, интеллектуалдық деңгейі, дүниетанымы мен эстетикалық талғамы тексеріледі. Ойын жинақтап, жауап беруі үшін 4-6 минут уақыт беріледі. Егер барлық сұраққа жауабы дайын болса бірден жауап беруіне мүмкіндік бар. Комиссияның шешімімен қосымша сұрақтар болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ:

1. Емтихан барысында байланыс құралдарын (мобильді телефон, бейне-камералар, смартфон сағаттар т.б) пайдалануға рұқсат етілмейді.
2. Емтихан кезінде концертмейстер немесе көмекші құралдар (музыка жазылған флешкалар, музыкалық аспаптар т.б) пайдалануға мүмкіндігі бар.
3. Би және акробатикалық элементтерді т.б кимыл-қозғалысқа құрылған тапсырмаларды орындау барысында қауіпсіздік ережесін мұқият сақтау қажет.

• Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

| Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> <i>шығармашылық емтихан</i> | Бағалау критерийлері <i>I</i> <i>шығармашылық емтихан</i> | Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> <i>шығармашылық емтихан</i> | Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i> |
|---|--|--|---|
| 45-50 | Емтихан бағдарламасын толық, сапалы, талапқа сай сенімді, шынайы және өте жоғары деңгейде көрсете білген талапкерге қойылады; | 45-50 | Билеттегі сұрақтарға толық жауап бере отырып, өзінің интеллектуалдық деңгейін, дүниетанымы мен эстетикалық талғамын көрсете білген жағдайда бағаланады; |
| 40-44 | Емтихан талаптарын толық орындағанымен шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлықтарын көркемдік деңгейде аша алмаған және автор ойын толық жеткізе алмаған жағдайда бағаланады; | 40-44 | Талапкер билеттегі үш сұраққа толығымен өте жоғары деңгейде, сауатты жауап бере алған жағдайда бағаланады; |
| 35-39 | Талапкер емтихан бағдарламасын толық орындағанымен оқыған материалдарына сенімі жеткіліксіз, көру, сезіне білу қабілеті, мәтін мен пластикасының қойылған талапқа толық сай болмаған жағдайда қойылады; | 35-39 | Билеттегі сұрақтардың 80%-на және қосымша қойылған сұрақтарға жауап бере алған жағдайда бағаланады; |
| 30-34 | Емтихан бағдарламасын орындағанымен актерлік шеберлігі мүмкіндігін пайдалана алмай, өзіне сенімсіз, шынайы деңгейде емес, шығармалардың көркемдік орындалу деңгейі әсерлі емес, жігерсіз болған жағдайда бағаланады; | 30-34 | Билеттегі және қосымша сұрақтарға қанағаттанарлық жауап бергенімен білім деңгейін жан-жақты толық көрсете алмаған жағдайда бағаланады; |

| | | | |
|-------|---|-------|---|
| 25-29 | Шығарманың көркемдік ой-жүйесін толық жеткізе алмаса, оқу барысында жаңылулар болса, этюдтардағы әрекет желісі қиынысыз, сенімсіз болса, қимыл-әрекеттері музыка ырғағына дұрыс бағынбаса, дауыс күші әлсіз болған жағдайда бағаланады; | 25-29 | Билеттегі және қосымша сұрақтардың 60%-на жауап бергенімен, емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толық көрсете алмаған жағдайда бағаланады; |
| 20-24 | Талапкердің жалпы дайындық деңгейі орташа. Шығармада баяндалатын оқиғаға сенімі талаптан төмен, орындау барысында әртүрлі қателікке бой алдырып, берілген уақытты тиімді пайдалана алмай, мүмкіндігін толық көрсете алмаған жағдайда бағаланады; | 20-24 | Сұрақтардың 50%-на жауап бере алмай, бірақ қосымша сұрақтарға жүйелі, қанағаттанарлық жауап берген жағдайда бағаланады; |
| 15-19 | Талапкер оқыған шығармаларына, жасаған этюдтарына сенбесе немесе ұмытып қалса, сөздерінен жиі жаңылса, сөз дыбыстарын таза айтпаса, би, қимыл-қозғалысы өлшем-ырғақтарына бағынбай сауатсыз жұмыс көрсеткен жағдайда бағаланады; | 15-19 | Сұрақтарға жүйесіз, шашыранқы жауап беріп, қосымша қойылған сұрақтарға да толық жауап бере алмаған жағдайда бағаланады; |
| 10-14 | Үміткердің оқитын материалдары талапқа сай болмаса, сөйлеу аппаратында табиғи кемшілігі бар болса, музыкалық қабілеті төмен, өлшем-ырғақты толық дәрежеде сезінбеген жағдайда бағаланады; | 10-14 | Сұрақтарға қанағаттанарлық жауап бере алмаса және қосымша қойылған сұрақтарға нақтылай жауап бере алмай, театр, өнер саласы бойынша білім деңгейі төмен болған жағдайда бағаланады; |
| 5-9 | Талапкердің дайындығы емтихан талаптарына өте төмен болған жағдайда бағаланады; | 5-9 | Негізгі және қосымша сұрақтарға толық жауап бере алмай, театр, өнер саласы бойынша білім деңгейі өте төмен болған жағдайда бағаланады; |
| 0-4 | Үміткердің дайындығы емтихан талабына мүлде сай емес, материалдардың көркемдік сапасы төмен, мәтінді жатқа білмеген жағдайда қойылады. Бұл талапкер екінші шығармашылық емтиханға жіберілмейді; | 0-4 | Бірде бір сұраққа мүлде жауап бере алмаса, емтиханнан өтпейді; |

Байланыс ақпараты:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: theatrical_fka@mail.ru

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznuipriem@gmail.com

Факультет деканы: Биримкулов Ернияз Рыскулович



Кафедра меңгерушісі: Туленбаев Жанқалдыбек Муфтиевич

